

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY  
EKOLOGIA, GEOLOGIA  
JÁNE TABÍGÍ RESÝRSTAR  
MINISTRILIGI



МИНИСТЕРСТВО  
ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ И  
ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Nur-Sultan q., Mángilik El dańǵyly, 8  
"Ministrlikter úii", 14-kireberis  
tel.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр. Мангилик Ел, 8  
«Дом министерств», 14 подъезд  
тел.: +7 7172 74 08 44

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламент Мәжілісінің  
Депутаттарына  
(тізім бойынша)**

*2019 жылғы 31 қазандағы  
№ ДЗ-167*

### **Құрметті Депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Сіздердің экологиялық мәселелер бойынша депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

*1. Орман, балық және аңшылық шаруашылықтары ұзақ мерзімді даму индикаторларымен Қазақстанда 2030 жылға дейінгі биологиялық сан алуандықты сақтау және орнықты пайдалану тұжырымдамасын қабылдау туралы.*

Биологиялық сан алуандықты сақтау саласында стратегиялық бағдарламалық құжаттың болмауы, шешілмеген мәселенің бірі болып табылады.

Биологиялық сан алуандық туралы БҰҰ-ның Конвенциясының 6-бабына сәйкес, әрбір Тарап биологиялық сан алуандықты сақтаудың және орнықты пайдаланудың ұлттық стратегияларын, жоспарларын немесе бағдарламаларын әзірлейді.

Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін орындау мақсатында БҰҰДБ (БҰҰ Даму Бағдарламасы) Жобасының шеңберінде Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі биологиялық сан алуандықты сақтау және орнықты пайдалану тұжырымдамасының жобасы (бұдан әрі – Биологиялық сан алуандық бойынша тұжырымдама) әзірленді.

Биологиялық сан алуандық бойынша тұжырымдамасының жобасында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін, халыққа экологиялық білім беру мен ағартуды, экологиялық туризмды, орман, жануарлар мен балық ресурстарын сақтауды және орнықты пайдалануды ұйымдастыру бойынша нақты іс-шаралар бар.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысының 9-т.

сәйкес тұжырымдамалар мен доктриналар Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша әзірленеді.

Қазіргі уақытта Биологиялық сан алуандық бойынша тұжырымдамасының жобасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 211 бұйрығымен бекітілген Тұжырымдама, доктрина әзірлеу қағидаларына сәйкес пысықталуда.

*2. «Өсімдіктер әлемі туралы» Заңының жобасын әзірлеу және оны Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу туралы;*

2020 жылға заң жобалау жұмыстарының Жоспарының жобасында «Өсімдіктер әлемі туралы» Заң жобасын енгізудің келесі мерзімдері қарастырылған:

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі – 2020 жылғы қыркүйек;

Қазақстан Республикасының Үкіметі – 2020 жылғы қазан;

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі – 2020 жылғы желтоқсан;

Қазіргі уақытта жұмыс тобымен «Өсімдіктер әлемі туралы» Заңының жобасын әзірлеу жүргізілуде.

*3. Жаңа Экологиялық кодексінің шеңберінде инфрақұрылымдық жобалар әзірлеу кезінде биологиялық сан алуандықты жоғалтқан үшін өтемақы қосу.*

Бюджетке ауыртпалықты төмендетуге, бизнестің экологиялық жауапкершілігін арттыруға, экожүйелерді және биологиялық сан алуандықты сақтау процесіне жеке секторды тартуға мүмкіндік беретін табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің бірі биологиялық сан алуандықты жоғалтқаны үшін өтемақы болып табылады.

Өтемақы төлеу тетігінің мақсаты экожүйелерді және биологиялық сан алуандықты жоғалтқан үшін барабар өтемақыларды қамтамасыз ету және оларды жоғалуын болдырмау және қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау болып табылады.

Жоғалған биологиялық сан алуандықты қалпына келтіру және нақты инфрақұрылымдық жобаның әсерінің алдын алу және азайтуға ықпал ету бойынша барлық мүмкін шаралар қабылданғаннан кейін өтемақы соңғы нормасы болып табылады.

Қазіргі уақытта, Экологиялық кодексінің жобасына қосу үшін биологиялық сан алуандық мәселелері бойынша экономикалық реттеудің мынадай заңнамалық нормалар пысықталуда:

- инвестициялық, инфрақұрылымдық жобаларды әзірлеудің бастапқы кезеңінде экожүйе қызметтерін экономикалық бағалау;

- қоршаған ортаға әсерді бағалау құжаттаманың тізбесін биологиялық сан алуандықты жоғалтқан үшін өтемақы іс-шаралар жоспарымен және экожүйелік қызметтерді экономикалық бағалаумен толықтыру;

- биологиялық сан алуандықты жоғалтқан үшін өтемақы тетігін бекіту;

- экожүйелік қызметтер үшін салықтық емес төлемдер тетігін бекіту;

- биологиялық сан алуандықты және экожүйелерді сақтау және қалпына келтіруге инвестициялайтын табиғат пайдаланушыларға салықтық ынталандыру (салықтық жеңілдіктер, несиелер) беру.

*4. Іле-Балқаш өңірінде тұран жолбарысын реинтродукциялау үшін жағдай жасау туралы;*

«Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерваты» республикалық мемлекеттік мекемесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 маусымдағы № 381 қаулысымен жалпы ауданы 415 164,2 гектар, штат саны 64 бірлік болатын резерват құрылды.

«Іле-Балқаш» МТР құрудың мақсаты реликті тоғайлы ормандарды, сондай-ақ жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау болып табылады.

2017 жылғы 8 қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен WWF дүниежүзілік жабайы табиғат қоры арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде тұяқты жануарлар мен тоғайлы жайылма ормандардың санын қалпына келтіру бойынша дайындық жұмыстары басталғанын атап өту қажет.

Сонымен қатар, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті «Тұран жолбарысын реинтродукциялау үшін жағдай жасау және Ұлытау тау-кен алабының табиғи және тарихи-мәдени нысандарын сақтауға көмек көрсету» жобасын іске асыру мақсатында байланысты грантты тарту бойынша бюджеттік өтінім дайындады.

Өтінімнің жалпы сомасы 7 млн АҚШ долларын құрайды.

*5. «Ұлытау» тау массивінің табиғи және тарихи-мәдени мұра сақтау туралы.*

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) Қазақстан Республикасы Президенті Қ. К. Тоқаевтың 2019 жылғы 24 тамыздағы хаттамалық тапсырмасына сәйкес Қарағанды облысында Ұлытау мемлекеттік ұлттық табиғи паркін құруды қамтамасыз ету тапсырылды.

Қазіргі уақытта Министрлікпен ұлттық паркті құру жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу мәселелері пысықталуда.

**Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрінің  
міндетін атқарушысы**

**Е. Нысанбаев**

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан**

*На № ДЗ-167  
от 31 октября 2019 года*

**Уважаемые Депутаты!**

Министерство экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее - Министерство), рассмотрев Ваш депутатский запрос по экологическим вопросам, сообщает следующее.

*1. О принятии Концепции по сохранению и устойчивому использованию биоразнообразия в Казахстане до 2030 года, с индикаторами долгосрочного развития лесного, рыбного и охотничьего хозяйств.*

Отсутствие стратегического программного документа в области сохранения биологического разнообразия является одним из нерешенных вопросов.

В соответствии со статьей 6 Конвенции ООН о биологическом разнообразии, каждая Сторона разрабатывает национальные стратегии, планы или программы сохранения и устойчивого использования биологического разнообразия.

В рамках Проекта ПРООН (Программа Развития ООН) в целях выполнения международных обязательств Казахстана разработан проект Концепции по сохранению и устойчивому использованию биоразнообразия в Республике Казахстан до 2030 года (далее – Концепция по биоразнообразию).

В проекте Концепции по биоразнообразию содержатся конкретные меры по организации особо охраняемых природных территорий, системы экологического образования и просвещения населения, экологического туризма, устойчивого использования и сохранения лесных, животных и рыбных ресурсов.

По информации Министерства национальной экономики РК, в соответствии с п. 9 Постановления Правительства Республики Казахстан от 29 ноября 2017 года № 790 «Об утверждении Системы государственного планирования Республики Казахстан», концепции и доктрины разрабатываются по поручению Президента Республики Казахстан.

В настоящее время проект Концепции по биоразнообразию редактируется в соответствии с Правилами разработки концепций и доктрин, утвержденные

приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 11 июня 2018 года № 211.

*2. О разработке проекта Закона «О растительном мире» и внесение его в Мажилис Парламента Республики Казахстан;*

В проекте Плана законопроектных работ на 2020 год предусмотрены сроки внесения проекта Закона «О растительном мире» в:

Министерство юстиции Республики Казахстан – сентябрь 2020 года;

Правительство Республики Казахстан – октябрь 2020 года;

Мажилис Парламента Республики Казахстан – декабрь 2020 года.

В настоящее время рабочей группой ведутся работы по разработке проекта Закона «О растительном мире».

*3. О включении в рамках нового Экологического кодекса компенсации за потери биоразнообразия при разработке инфраструктурных проектов;*

Одним из механизмов экономического регулирования природопользования, который позволит вовлечь частный сектор в процесс сохранения биоразнообразия и экосистем, снизить нагрузку на государственный бюджет и повысить экологическую ответственность бизнеса является компенсация за потерю биоразнообразия.

Целью механизма компенсации является обеспечение адекватного возмещения потери биологического разнообразия и экосистем и принятие мер по предотвращению и восстановлению их потерь.

Компенсация является последней нормой, после того, как были предприняты все возможные меры по предупреждению и минимизации воздействия конкретного инфраструктурного проекта и восстановлению утраченного биоразнообразия.

В настоящий момент, для включения в проект Экологического кодекса прорабатываются следующие законодательные нормы, экономического регулирования по вопросам биоразнообразия:

- экономическая оценка экосистемных услуг на начальном этапе разработки инвестиционных, инфраструктурных проектов;
- дополнение перечня документации оценки воздействия на окружающую среду экономической оценкой экосистемных услуг и планом мероприятий по компенсациям за потерю биоразнообразия;
- закрепление механизма компенсации за потерю биоразнообразия;
- закрепления механизма неналоговых платежей за экосистемные услуги;
- предоставление налоговых стимулов (налоговые льготы, кредиты) для природопользователей, инвестирующих в восстановление, сохранение биоразнообразия и экосистем.

*4. О создании условий для реинтродукции туранского тигра в Иле-Балкашском регионе;*

Постановлением Правительства Республики Казахстан от 27 июня 2018 года № 381 «О создании республиканского государственного учреждения «Государственный природный резерват «Иле-Балхаш» Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан» создан «Государственный природный резерват «Иле-Балхаш» общей площадью 415 164,2 гектаров, со штатной численностью 64 единиц.

Целью создания ГПР «Иле-Балхаш» является сохранение реликтовых тугайных лесов, а также редких и исчезающих видов животных.

Необходимо отметить что, Всемирным фондом охраны дикой природы WWF в рамках Меморандума о сотрудничестве между Министерством сельского хозяйства Республики Казахстан и Всемирным фондом дикой природы по реализации Программы реинтродукции тигра в Казахстане, подписанного 8 сентября 2017 года, начаты подготовительные работы по восстановлению численности копытных животных и тугайных пойменных лесов.

Также, Комитетом лесного хозяйства и животного мира подготовлена бюджетная заявка по привлечению связанного гранта в целях реализации проекта «Создание условий для реинтродукции туранского тигра и оказание содействия в сохранении природных и историко-культурных объектов горного массива Улытау».

Общая сумма заявки составляет 7 млн. долларов США.

*5. О сохранении природного и историко-культурного наследия горного массива «Улытау».*

В соответствии с протокольным поручением Президента Республики Казахстан Токаева К. К. от 24 августа 2019 года Министерству экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее – Министерство) поручено обеспечить создание Улытауского государственного национального природного парка в Карагандинской области.

В настоящее время Министерством прорабатываются вопросы по разработке естественно-научного и технико-экономического обоснований создания национального парка.

**Исполняющий обязанности  
Министра экологии,  
геологии и природных ресурсов  
Республики Казахстан**

**Е. Нысанбаев**

*Исп.: Әбуов А.К.  
Тел. 74 98 35*

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY  
EKOLOGIA, GEOLOGIA  
JÁNE TABÍGI RESÝRSTAR  
MINISTRIGI



МИНИСТЕРСТВО  
ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ  
И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҮІРҮҚ**

*2019 ж. 26.11.*  
Nur-Sultan qalasy

**ПРИКАЗ**

№ *171*  
город Нур-Султан

**Міндеттерді жүктеу туралы**

**БҮЙЫРАМЫН:**

2019 жылғы 27 қарашада іссапарда болуыма байланысты Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар Министрінің міндеттерін атқару Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар Вице-министрі **Ерлан Нуралиевич Нысанбаевқа** жүктелсін.

**Министр**



**М.Мырзағалиев**